

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1380 Қаулысы

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары үшін мамандар даярлауды оңтайландыру және одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Академия) оған "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы заң колледжі" мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі - Алматы заң колледжі) қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қ а б ы л д а с ы н ;

2) Алматы заң колледжінің білім алушыларының Академияда орта білімнен кейінгі бағдарлама бойынша оқуын аяқтауын қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 25, 311-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:  
реттік нөмірі 14-жол алынып тасталсын.

4. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*